

Кәсіптік стандарт: «Кітапханашы-микробиолог»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Кітапханашы-микробиолог" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес және кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдарда және ұйымдарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу мақсатында әзірленіп, мәдениет саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қолдану қабілеті;

3) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен сүйемелденбейтін білім беру түрі;

4) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл оймен орындау қабілеті.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

3) ЭҚЖЖ – экономикалық қызметтің жалпы жүктеуіші;

4) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

5) БА – біліктілік анықтамалығы;

6) БХСЖ – білім берудің халықаралық стандартты жіктелуі.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Название профессионального стандарта: Кітапханашы-микробиолог

5. Кәсіптік стандарттың коды: R91012055

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

R Өнер, ойын-сауық және демалыс

91 Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер

91.0 Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер

91.01 Кітапхана және мұрағаттар қызметі

91.01.2 Оқырмандар залын, лекторийлер, көрсету залдарының қызметін қоса алғанда кітапхана қызметі

7. Краткое описание профессионального стандарта: Құжаттарды биологиялық тұрақтандыру бойынша практикалық жұмыстарды орындау; құжаттарды кітап сақтау қоймаларының микрофлорасын тексеру; кітапхана қорлары мен құжаттарды микробиологиялық тексеру, талдау жүргізу кезінде әдістемелерді білу; жұмыстарды орындаудың технологиялық процестерін білу; қолданылатын заттар мен материалдардың тиімділігі бойынша ғылыми-зерттеу әзірлемелерін білу; талданатын аспаптарда жұмыс істей білу.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Кітапханашы-микробиолог - 6 уровень ОРК

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Кітапханашы-микробиолог»:

Топтың коды:	2622-1
Қызмет атауының коды:	2622-1
Кәсіптің атауы:	Кітапханашы-микробиолог
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6
подуровень квалификации по ОРК:	
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Журналистика және ақпарат	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	2622-1-003 - Кітапханашы-архивист 2622-1-001 - Библиограф		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Кітапхана қорын ғылыми консервациялау және сақтау жөніндегі іс-шаралар, осы бағыттағы аналитикалық, микробиологиялық жұмыстар, консервацияда қолданылатын заттар мен ерітінділердің тиімділігін анықтауға арналған ғылыми әзірлемелер.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кітапхана қорларының ғылыми консервациясы және сақталуы. Құжаттарды консервациялау және қалпына келтіру саласында аналитикалық және микробиологиялық жұмыстарды жүргізу 2. Консервацияда қолданылатын заттар мен ерітінділердің тиімділігін анықтау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Кітап материалдарын сақтау және микроорганизмдер болған кездегі зиян туралы білім саласындағы кітапхана қызметкерлері мен басқа да мамандар үшін оқу іс-шараларын және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және өткізу	
Еңбек функциясы 1: Кітапхана қорларының ғылыми консервациясы және сақталуы. Құжаттарды консервациялау және қалпына келтіру саласында аналитикалық және микробиологиялық жұмыстарды жүргізу	Дағды 1: Кітапхана қорын микологиялық және микробиологиялық қадағалау.	Машықтар:	1. Алынған нәтижелерді талдай білу. 2. Микробиологиялық талдау жүргізу, ортаны дайындау және талданатын құралдарды басқару. 3. Құрылымдық бұзушылықтарсыз, сондай-ақ құжаттың ресімделуін бұза отырып, айтарлықтай және аса биологиялық зақымдануы бар әртүрлі негіздегі кітапхана құжаттарын ғылыми консервациялау және тұрақтандыруды жүзеге асыру дағдылары болуы. 4. Құжаттардың түпнұсқалық белгілерін мүмкіндігінше сақтай отырып, пайдалануда қиындық тудырмай, зақымдану сипаты мен дәрежесін, кейінгі пайдалану шарттарын ескере отырып, құжаттарды қалпына келтіруді жүзеге асыру.
		Білімдер:	1. Пән бойынша кәсіптік білім, іргелі және практикалық қолдануды білу. 2. СИБИД жүйесінің ГОСТ стандарттарын, құжаттарды ғылыми консервациялау және реставрациялау саласындағы басқа да материалдарды, құжаттарды профилактикалық және ғылыми консервациялау әдістері мен технологияларын, құжаттарды сақтау және консервациялау мәселелері бойынша ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді білу. 3. Құжаттарды, аспаптар мен жабдықтарды зерттеудің микробиологиялық әдістерін білу.
		Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Консервацияда қолданылатын заттар мен ерітінділердің тиімділігін анықтау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу	Дағды 1: Құжаттарды биологиялық тазалауды жүзеге асыру.	Машықтар:	1. Парақтарды және құжаттарды шаю. 2. Кітап блоктарын цементтеуді жүргізу. 3. Құжаттардың рН мәнін анықтау. 4. Парақтар мен құжаттардың қышқылдығын бейтараптандыру. 5. Қолданылатын заттар мен ерітінділердің тиімділігін анықтау үшін зерттеулер мен тәжірибелерді жүргізу.

		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Кітап сақтау орындарындағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде кітапхана құжаттарының қағазды, былғары, пергамент және басқа да материалдарын сақтау әдістерін білу. 2. Микроорганизмдерді жинау, жіктеу, сақтау және экспонаттау әдістері мен технологияларын қолданудағы білім. 3. Біліктілікті арттырумен, тұлғалық өсумен, тақырып бойынша арнаулы әдебиеттерді оқумен жүйелі түрде айналысу, кәсіби біліктілігін арттыру.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Қосымша еңбек функциясы 1: Кітап материалдарын сақтау және микроорганизмдер болған кездегі зиян туралы білім саласындағы кітапхана қызметкерлері мен басқа да мамандар үшін оқу іс-шараларын және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және өткізу	Дағды 1: Жұмысқа қабылданған материалдардың фотоқұжаттарын жүргізу.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық карталарға процестерді жазып, өз жұмысы бойынша есептер құрастыру. 2. Кітапханадағы микроорганизмдер коллекцияларын жинау, жіктеу және сақтау жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру. 3. Кітапхана қызметкерлеріне және басқа да мамандарға кітап материалдарын сақтау және микроорганизмдер болған кездегі зиянын білу бойынша оқу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Тақырып бойынша үздік отандық және шетелдік тәжірибені білу. 2. Консервация және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу әдістері. 3. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық Командада жұмыс істей білу Ауызекі сөйлеу дағдылары Компьютерлік сауаттылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Кітапханашы-қалпына келтіруші
	6	Кітапханашы-түптеуші
	6	Кітапханашы-химик

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

10. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Орындаушы:

Борамбаев Нурбек Медерович, +7 (705) 160 57 01,

11. Өзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

"Мәдениеттерді жақындастыру орталығы" мемлекеттік музейі РМҚК филиалының ғылыми-әдістемелік бөлімі

Орындаушылар:

Жумадилова Дарья Ертаевна, +7 (705) 708 72 22, daria_131_168@mail.ru

"Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы" РММ

Жоба жетекшісі:

Искалиева Нурия Амангалиевна

E-mail: iskalievauria@mail.ru

Телефон нөмірі: +7 (707) 796 34 96

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 12.01.2024 ж.

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 05.12.2023 ж.

14. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 15.02.2024 ж.

15. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: версия 1, 2024 ж.

16. Болжалды қайта қарау күні: 01.01.2027 ж.